



М.Ә. Төлегенова , Ж.А. Акимешева\*   
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан,  
(E-mail: meruert.17@mail.ru, \*akimisheva75@mail.ru)

## Сәулет-құрылыс дискурсы және оның жанрлық ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Мақалада тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма бағыттарының бірі болып табылатын дискурстың қалыптасуы туралы мәлімет беріліп, лингвистикалық тұрғыдан дискурста түсініктеме берген ғалымдарға шолу жасалды. Мақаланың зерттеу нысаны ретінде сәулет-құрылыс дискурсы таңдалып, ал зерттеу пәні ретінде оның жанрлық ерекшеліктері анықталып көрсетілді. Сәулет-құрылыс дискурсына лингвистикалық термин ретінде анықтама ұсынылды. Сәулет-құрылыс саласымен байланыста қарастырылып, кәсіби коммуникацияға бағытталған мәтіндердің жиынтығы сәулет-құрылыс дискурсын құрайды. Күрделі дискурсивтік құрылым ретіндегі сәулет-құрылыс дискурсының жанрлық кеңістігі ғылыми, академиялық, жобалық, құқықтық, заң, маркетинг және жарнама дискурстарының аясында жүзеге асыратындығы көрсетілді. Ақпараттың жеткізілуіне қарай ауызша және жазбаша түрлері ажыратылып, сөйлеу жанры ретінде тақырыптық, мазмұндық, құрылымдық бірлікте қарауға болатындығы айқындалды. Сәулет-құрылыс саласындағы сөйлеу жанрлары ажыратылды. Олар: ғылыми дискурстың сөйлеу жанры; академиялық дискурстың сөйлеу жанры; жобалық дискурстың сөйлеу жанры; құқықтық дискурстың сөйлеу жанры; заңнамалық дискурстың сөйлеу жанры; маркетинг дискурсының сөйлеу жанры; жарнама дискурсының сөйлеу жанры. Сонымен қатар сөйлеу жанрының келесі параметрлері көрсетілді: адресант және адресат бейнесі, тілдік көрінісі, коммуникативтік құзыреттілік, қатысымдық мақсат, қатысымдық интенциясы, диктум және модус мазмұны, сөйлеу әрекетінің жиынтығы.

**Түйін сөздер:** дискурс, институционалды дискурс, сәулет-құрылыс дискурсы, онтология, жанр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-127-136>

Түсті: 14.08.2024; Жөнделді: 27.08.2024; Мақұлданды: 11.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

### Кіріспе

Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан антропоэзектік парадигманың бағыттары прагмалингвистика, сөйлеу актілерінің теориясы, дискурс, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттар тілді адаммен байланыста қарастырып, зерттеушінің назарын объектіден субъектіге аударып, тілді адам / адамды тіл арқылы қарастыруды талап етеді.

Дискурс теориясы өткен ғасырдың 50-60 жылдары өз алдына жеке ғылым ретінде қалыптасуы кең ауқымда ие болған «дискурс» терминімен тығыз байланысты. Дегенмен де оған дейін де дискурсқа қатысты бірнеше анықтамалар болды. Солардың арасындағы қазіргі анықтамаға ең жақыны француз тіліндегі «discours» – диалогтық сөйлеу мағынасында жұмсалуды. Якоб Гримнің 1860 жылы жарық көрген «Неміс тілінің сөздігінде» бұл термин бірнеше мағынада қолданылған: 1) диалог, әңгімелесу; 2) сөйлеу.

Дискурс ұғымын алғаш рет философиялық тұрғыдан Ю. Хабермас өзінің «Коммуникативтік әрекет теориясы» атты еңбегінде қолданды. Ол дискурсты даулы мәселелерді шешу арқылы келісімге келу мақсатында ұйымдастырылған үдерістің негізіндегі диалог ретінде түсіндіреді.

«Дискурс» терминінің лингвистикада қолданылуы 3. Харристің 1952 жылы жарияланған «Дискурс-анализ» атты еңбегімен тығыз байланысты. Ол дискурсты белгілі бір жағдайда бір (немесе бірнеше) адам айтқан (немесе жазған) сөйлемдер тізбегі деп түсінді. Бұл дискурсты сөйлемнен ірі мәтін ретінде түсіндірілуіне әсер етті. Бұндай мағынада қолданылуы тіл білімінде мәтін лингвистикасының дамуымен байланысты. Осы орайда мәтін лингвистикасының негізін салушылардың бірі, голландық ғалым Т.А. ван Дейк мектебінің ықпалын атап өткен жөн. Ғалым дискурсты күрделі коммуникативтік құрылым ретінде сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы нақты уақыт пен кеңістік бірлігіне негізделген оқиға деп түсіндіреді. Коммуникативтік құрылым ауызша немесе жазбаша, сонымен қатар вербалды және бейвербалды компоненттерді қамтиды.

**Зерттеу нысаны мен пәні.** Мақаланың зерттеу нысаны – сәулет-құрылыс дискурсы, зерттеу пәні – оның жанрлық ерекшеліктерін айқындау болып табылады. Тақырып таңдаудың өзектілігі қазіргі тіл біліміндегі дискурсивтік талдауға деген үлкен қызығушылықпен, бір жағынан қоғамдағы сәулет өнерінің және құрылыс саласының дамуымен байланысты. Мақаламызға негіз болып отырған тақырыптың аясында сәулет-құрылыс дискурсын дискурс түрлерінің бірі ретінде қарастырып, оның қызметіне, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жүргізілуі тақырыптың өзекті мәселелердің қатарынан орын алатындығын көрсетеді.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Мақаланың негізгі мақсаты теориялық шолу және теориялық міндеттерді алдына қойғандықтан, зерттеу жұмысымызға негіз болатын ғалымдардың еңбектері таңдап алынды. Ғылыми кеңестіктегі аталмыш тақырыпқа қатысты маңызды ғылыми жұмыстарды іріктеп, топтастырдық. Мақаламызға талдау және жүйелеу әдістері арқау болды. Жұмысымызды жазу барысында алдымен «дискурс» терминінің сөздіктерде берілуінен бастадық.

Қазақ тілінің лингвистикалық түсіндірме сөздігінде «дискурсты белгілі бір оқиғаны баяндайтын және экстралингвистикалық, атап айтқанда, әлеуметтік, психологиялық, мәдени факторлармен байланыста қаралатын мәтін» [1, 76] ретінде анықтама ұсынылған. Аталған терминмен салыстыра келе уақытпен байланысы жоқ мәтіндерде қолданылмайды деген түсініктеме беріледі. Расында да дискурс динамикалық сипатқа ие болса, мәтін статикалық сипатқа ие құбылыс ретінде көрсетіледі.

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде «дискурсты» мақсаты нақтыланған, айтылудың толыққандылығы айқындалған, экстралингвистикалық факторлар ескерілген сөйлеу құбылысы, нақты мәтін» [2, 91] ретінде қарастырылады. Мәтінді ұйымдастыруда дауыс ырғағы, интонациясы және т.б. фонетикалық белгілер ескеріледі деп көрсетілген.

«Дискурс» терминіне анықтама ұсынған тағы бір сөздікті қарастыра отырып, жоғарыдағы түсініктемеге жақын екендігін аңғардық. Әлеуметтік лингвистика сөздігінде «дискурсқа» екі түрлі анықтама берілген. Біріншісі, сәтті коммуникация үшін тілден тыс факторлар (әлеуметтік, мәдени, психологиялық) ескеріліп, белгілі бір мақсатта қарастырылатын нақтылы сөйлеу туындысы; екіншісі, мәтіндік материалды ұйымдастыруда интонациялық және басқа да белгілерге негізделген мәтін деген түсініктеме берілген. [3, 51].

Ғалым Г.Г. Бүркітбаеваның ғылыми еңбегі дискурстың онтологиясына, дискурс пен мәтіннің негізгі айырмашылықтарына, оның жанрларына арналған. Ол дискурстың пәнаралық түрлеріне тоқталады: академиялық дискурс, ғылыми дискурс, педагогикалық дискурс, іскери дискурс, әкімшілік дискурс, әскери дискурс, саяси дискурс, экономикалық дискурс, заң дискурсы, діни дискурс, жарнама дискурсы, отбасы дискурсы, бала дискурсы, спорт дискурсы, феминистік дискурс, гастрономиялық дискурс, парфюмерлік дискурс, магиялық дискурс, этикалық дискурс, электрондық дискурс [4, 4].

Бүгінгі таңда дискурсты зерттеудің жаңа бағыттарын және оның пәнаралық сипатқа ие екендігін ескере отырып, дискурс түрлеріне негізделген тізім әлі толықтырылуда.

### Әдебиетке шолу

Тіл біліміндегі функционалды-коммуникативтік бағыттың дамуы сөзді тек коммуникативтік құрылымның негізі ретінде ғана емес, оны айтушы адамның әлем туралы түсінігінің, дүниетанымының, көзқарасының жиынтығы ретінде қарастыруына мән беріп отыр. Лингвистиканың, философияның, антропологияның, әдебиеттің, этнографияның, әлеуметтанудың, психологияның зерттеу нысаны болып табылатын дискурсты бірнеше аспектіде қарастыруға болады. Терминнің гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі салаларында қолдануы анықтаманың мағынасы мен мәнін түсіндірудің әртүрлі тәсілдеріне алып келеді [5].

Функционалды-коммуникативтік бағыт дискурсты мәтіннің ішкі құрылымы мен экстралингвистикалық факторларды (адресаттың әлем жайлы жалпы түсінігі, пікірі, мақсаты) біріктіретін күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде түсіндіреді. Бұл бағыт бойынша дискурс тілдік тұлғаның ақпарат алмасу үрдісінде тілдің ішкі және сыртқы бірліктері арқылы сипатталады. Тілдің ішкі бірліктеріне адресант және адресат бейнесі, ал сыртқы бірліктеріне қатысымдық интенция және сөйлеу мазмұны мен формасы жатады.

Лингвистикада дискурстың негізгі екі түрі бар. Ғалым Ж.К. Ибраева «Психоллингвистика негіздері» атты еңбегінде оларға жеке тоқталып, анықтама ұсынған. Біріншісі – жеке (тұлғалық), екіншісі – институционалды дискурс. «Тұлғалық дискурс дегеніміз – сөйлеуші жеке тұлға ретінде оған тән барлық индивидуалды қасиеттері мен сөйлеу / бейсөйлеу сипаттарымен сөйлеген жағдай. Ал институционалды дискурс бұл – қарым-қатынас ұйымының құранды бөлігі болып табылатын қоғамдық институттарда жүзеге асырылатын дискурс» [6, 98].

Alice F. Freed [7] «институционалды дискурс» терминін анықтаудың үш жолын ұсынады. Біріншісі, екі немесе одан да көп адамдар арасындағы вербалды қарым-қатынас, мұндағы коммуникацияға қатысушының немесе сөйлеушінің кем дегенде біреуі жұмыс жағдайында қандай да бір мекеменің өкілі ретінде болады; екіншісі, жұмыс жағдайында қолданылатын тіл, сөйлеушінің мақсаты мен қарым-қатынас сипаты мекемемен анықталады; үшіншісі, коммуникацияның кем дегенде бір қатысушысы әрекеттесуді жұмысты орындау ретінде қабылдаған жағдайда институционалды дискурс ретінде анықталады деп көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде сәулет-құрылыс саласының терминологиясына қатысты жекелеген авторлардың ғылыми мақалалары бар болғанымен, сәулет-құрылыс дискурсының онтологиясына, методологиясына қатысты ғылыми сипатқа ие жеке зерттеу еңбектері жоқ. Орыс тіл білімінде сәулет-құрылыс дискурсына, терминологиясына қатысты келесідей ғылыми еңбектерді атап өтуге болады: орыс тілінің құрылыс терминологиясының құрылымы мен қалыптасу ерекшеліктері [8], құрылыс терминологиясының лексика-семантикалық сипаттамасы [9], құрылыс терминологиясының лексика-семантикалық және құрылымдық анализі [10], орыс және ағылшын құрылыс терминологиясының салғастырмалы анализі [11], сәулет-құрылыс терминдерінің салғастырмалы анализі [12], құрылыс терминологиясын лингвистикалық модельдеу [13] және т.б.

М.А. Симоненконың «Архитектурная метафора в языке и речи» атты кандидаттық диссертациясында сәулет-құрылыс дискурсына мынадай анықтама береді: «Сәулет-құрылыс дискурсы – бұл сәулет-құрылыс саласына қатысты тақырыптармен біріктірілген

және құрылысшылар мен сәулетшілер арасындағы кәсіби қарым-қатынастың мәтіндер жиынтығы, сәулет дискурсы деп, бір жағынан, инвариантты кәсіби бейнені көрсететін тілді түсінеміз. Екінші жағынан, сәулет-құрылыс дискурсы – бұл құрылысшылар мен сәулетшілердің кәсіби коммуникацияда қолданылатын тілі, бұл кәсіби пайымдаулардың жиынтығы ретіндегі сәулет және құрылыс салаларының түрлі аспектісінде, яғни жобалауда, менеджментте, білім беру саласында қолданылатын тіл» [14, 25].

Д.З. Гайнутдинованың «Термин-метафора архитектурно-строительного подъязыка» атты диссертациялық жұмысында сәулет-құрылыс дискурсына қатысты мәтіндерді көрсетеді: «Сәулет-құрылыс дискурсы форумдағы күнделікті хат-хабарлардан бастап, құрылысшылар мен сәулетшілерден құралған кәсіби ұжым жасаған ғылыми мақалаларға дейін әртүрлі жанрдағы көптеген мәтіндерді қамтиды» [15, 31].

Сәулет-құрылыс дискурсы және оның кәсіби коммуникация саласындағы жанрлары коммуникативтік құзыреттілік ерекшеліктерімен анықталады. Кәсіби коммуникацияның негізін құрылысшылар мен сәулетшілер құрайды. Кәсіби коммуникация аясында сатушы (құрылыс компаниясының өкілі) және сатып алушы арасында жүзеге асырылады. Тілдік амалдарды пайдалануы оның жанрлық ерекшеліктерін айқындауға негіз болады.

«Сәулет дискурсы және оның кәсіби коммуникациядағы жанрлық ерекшеліктері» атты мақалада сәулет дискурсын былай деп түсіндіреді: «Сәулет дискурсы – институционалды дискурстың бір түрі. Бұл күрделі дискурсивтік құрылым. Оның коммуникативтік кеңістігі – сәулет-құрылыс (жобалық-конструктивтік), ғылыми, академиялық, құқықтық, заң, публицистикалық және жарнамалық дискурстардың өзара тәуелділігі, өзара әрекеттестігі» [16].

Сәулет-құрылыс дискурсының жанрлық ерекшеліктерін айқындау үшін оны академиялық, ғылыми, құқықтық, заң, жарнамалық, маркетинг, жарнама және т.б. дискурстардың негізінде қарастырғанымыз жөн. Мәселен, академиялық мақсаттағы сәулет-құрылысының құрылымы мен жарнамадағы сәулет-құрылыс дискурсының құрылымы екі бөлек. Сондықтан коммуникация кезінде жанрлардың түрлі мақсатта жүзеге асуы оның сол саламен сабақтастықта қарастырылуына негіз болады.

Осы орайда біз сәулет-құрылыс дискурсын анықтау мақсатында өз тарапымыздан анықтаманы ұсынып отырмыз. Сәулет-құрылыс дискурсы – сәулет-құрылыс саласымен тығыз байланыста қарастырылатын, кәсіби коммуникацияға бағытталған мәтіндердің жиынтығы.

### **Талқылау мен нәтижелер**

Дискурс және оның кәсіби коммуникациядағы жанрлық ерекшеліктерін анықтау дискурстың онтологиясын ғана емес, тілдің жалпы онтологиялық теориясын қалыптастыру үшін маңызды болып табылады. Лингвистикалық теорияның белгілі бір арақатынасын бекітетін ғылыми білімді жүйелеу және жалпылау нысаны ретінде «дискурстың ғылыми бейнесі» ұғымын енгізу қажет деп санаймыз. Өйткені онтологиялық теорияның қалыптастырушы әлемнің ғылыми бейнесі. Тілдің ғылыми бейнесі мен дискурстың ғылыми бейнесі арасындағы қатынасты келесідей үлгі бойынша көрсетуге болады. Олар «бөлік – бүтін» қағидасы бойынша өзара әрекеттеседі. Осы орайда дискурс онтологиясы тілдің жалпы онтологиялық теориясының аясында қарастырылатын күрделі ұғым ретінде сипатталады.

Сәулет-құрылыс дискурсының жанрлық ерекшеліктерін айқындау үшін, алдымен дискурстағы жанр мәселесіне тоқталып өтейік. Алғашқыда көркем шығарманың түрлерін ажырату мақсатында қолданылып келген жанр түсінігі қазіргі уақытта тіл біліміндегі дискурстың онтологиялық ерекшеліктерін көрсету үшін пайдаланылады. «Жанр алғашқыда әдебиеттануда қолданылса, қазіргі уақытта дискурс түрлерін талдау барысында қолданылып жүр» [15, 32].

Жұмысымызға арқау болып отырған сәулет-құрылыс дискурсының жанрлық және құрылымдық ерекшеліктері сәулет-құрылыс дискурсының онтологиясын қалыптастыру

үшін маңызды болып табылады. Сәулет-құрылыс дискурсының прагматикалық және когнитивтік ерекшеліктерін анықтау жүйелі зерттеулерді қажет етеді.

Сәулет-құрылыс дискурсы келесідей параметрлермен ерекшелінеді:

1. Қатысушылар (адресанттар): құрылысшы (сәулетші) – жобалаушы, құрылысшы (сәулетші) – реставратор, құрылысшы (сәулетші) – сарапшы, құрылысшы (сәулетші) – дизайнер, құрылысшы (сәулетші) мердігер ретінде, құрылысшы (сәулетші) менеджер ретінде, құрылысшы (сәулетші) муниципалдық қызметкер ретінде. Ал тапсырыс беруші, жобаның авторы, серіктес, әкімшілік өкілі, қадағалаушы органның өкілі, коммерциялық құрылымның өкілі сәулет-құрылыс дискурсының клиенті, яғни адресаты болып табылады.

2. Хронотоп: сәулет-құрылыс бюросы, жобалау бюросы, құрылыс компаниясының мекемесі, муниципалдық мекеме, құрылыс алаңы.

3. Стратегиялар: өзін таныстыру стратегиясы, хабарлау стратегиясы, тиімділікті арттыру стратегиясы, тұтынушының алдында құндылықты арттыру стратегиясы.

4. Түрлері: ақпараттың жеткізілуіне қарай ауызша және жазбаша түрлері ажыратылады. Сөйлеу жанры ретінде тақырыптық, мазмұндық, құрылымдық бірлікте қарауға болатындығы айқындалды. Ф.Л. Косицкая бойынша сөйлеу жанры дегеніміз: «Сөйлеу жанры – бір немесе бірнеше мәтіндерде көрініс табатын бір немесе бірнеше сөйлеу әрекетінен тұратын вербалды және бейвербалды құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылатын, мақсат, тақырып және композиция бірлігімен біріктірілген типтік үлгі болып табылатын сөйлеу бірлігі» [16].

Ф.Л. Косицкая сөйлеу жанрының келесі параметрлерін ажыратады: коммуникативтік мақсат, адресант бейнесі, адресат бейнесі, коммуникативтік уақыт, тілдік көрінісі, диктум мазмұны, сөйлеу әрекеттерінің үйлесімі және басқа семиотикалық жүйелермен (бейвербалды амалдар) қатынасы. Бұл параметрлер сәулет-құрылыс дискурсының жанрлық ерекшеліктерін айқындау үшін маңызды болып табылады. Енді осы параметрлерге жеке тоқталып өтейік.

Коммуникативтік мақсат. Сәулет-құрылыс дискурсында ақпараттық-императивтік, ақпараттық-бағалаушылық, императивтік-бағалаушылық, бағалаушылық сөйлеу жанрлары кездеседі.

Адресант бейнесі. Құрылыс компаниясы ұсынып отырған үйлерді сату мәселесі сол жерде істейтін менеджерлердің мүддесі болып табылады. Сату менеджерлері сәулет-құрылыс дискурсында адресант рөлінде болады. Сәулет-құрылыс дискурсының, соның ішінде сату-сатып алу саласы коммуникацияда қолданылатын тілдік амалдар арқылы белгіленеді. Кәсіби коммуникациядағы адресант тілдік тұлға ретінде ақпаратты ұсынады, сол арқылы ол адресаттың коммуникациядағы құзыреттілігін айқындайды.

Адресат бейнесі. Адресат коммуникация кезінде анонимдік, қызығушылық, бұқаралылық, динамикалық сипатқа ие болады. Адресат сәулет-құрылыс дискурсының құрылыс компаниясында жүзеге асатын коммуникацияда сатып алушы рөлінде болады.

Тілдік көрінісі. Сәулет-құрылыс дискурсының метатілі сәулет-құрылыс саласындағы кәсіби терминдерді құрайды. Кәсіби коммуникациядағы салалық терминология оның лексика-семантикалық ядросы болып табылады. Осы кезекте терминдердің қазақ тіліне аудару кезінде бірнеше баламалардың кездесетіндігін атап өткен жөн. Мәселен, лифт – жеделсаты – көтергіш, плитус – еденкемер – ернеулік, бордюр – жиектеме – жиектас – ернеу – көмкерме, шпаклевка – тығыздағыш – тегістегіш, острогубцы – тістеуік – үшкірауыз, обои – тұсқағаз – қабырға қағаз, решетка – күнқағар шатыр – темір тор, замазка – сылағыш – бітеуіш – жақпа. Терминдердің баламалары сәулет-құрылыс дискурсының жанрлық ерекшеліктерін құрайтын түрлі мәтіндерде кездеседі.

Бейвербалды құралдар. Олардың ішінде: қарпі, түсі, мәтіннің фоны, тыныс белгілері, орфографиялық пен сөзжасамдық құралдар, баспа таңбалары, ауызша мәтіннің графикалық дизайнын атап өткен жөн. Сөйлеу жанры көпкодты креолданған мәтіндердің болуымен сипатталады. Креолданған мәтіндер паралингвистикалық мәтіндерге жатады. Креолданған мәтіндердің құрылымы біркелкі болмайды. Әдетте, екі бөліктен тұрады.

Біріншісі – вербалды (тілдік), екіншісі – бейвербалды (бірнеше таңбалық жүйеге негізделген) мәтіндер. Бұл сәулет-құрылыс дискурсындағы жарнамалық мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін айқындау үшін маңызды болып табылады.

Сәулет-құрылыс саласындағы сөйлеу жанрлары академиялық дискурстың сөйлеу жанры; ғылыми дискурстың сөйлеу жанры; жобалық дискурстың сөйлеу жанры; құқықтық дискурстың сөйлеу жанры; заң дискурсының сөйлеу жанры; маркетинг дискурсының сөйлеу жанры; жарнамалық дискурстың сөйлеу жанры түрлеріне ажыратылды. Сөйлеу жанрлары да дискурстың түрлеріне байланыста өзгеріп отырады. Ойымызды дәйектеу үшін нақты мысалдармен көрсетейік.

Сәулет-құрылыс саласындағы жобалық дискурстың сөйлеу жанрына жататын мәтіндер: жобалау алдындағы нұсқаулық, сәулет жобасы, құрылыс жобасы, құрылыс нұсқаулығы, тұрғын үй бағдарламалары, техникалық негіздемелер, техникалық қорытынды, техникалық шарттар, қабылдау-тапсыру актілері және т.б.

Сәулет-құрылыс саласындағы құқықтық дискурстың сөйлеу жанрына жататын мәтіндер: құрылыс компаниясының жарғысы, құрылысты бастау құжаттамасы, құрылысты жүргізуге рұқсат беру құжаттамасы, құрылыстың аяқталуы және талаптарға сәйкестігі туралы құжаттама, тұрғын үй келісімшарттары, жұмыс келісімшарттары, тендерлік құжаттама, жобалық-сметалық құжаттама және т.б.

Сәулет-құрылыс саласындағы заң дискурсының сөйлеу жанрына жататын мәтіндер: қала құрылысы туралы кодекс, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңы және т.б.

Сәулет-құрылыс саласындағы ғылыми дискурстың сөйлеу жанрына жататын мәтіндер: монографиялар, диссертациялар, конференция жинақтары, ғылыми мақалалар, ғылыми семинарлардың баяндамалары, тезистер және т.б.

Сәулет-құрылыс саласындағы академиялық дискурстың сөйлеу жанрына жататын мәтіндер: оқулықтар мен оқу құралдар, дипломдық жұмыс, лекциялар, зертханалық және өзіндік жұмыстар және т.б.

Сәулет-құрылыс саласындағы жарнама дискурсының сөйлеу жанрына жататын мәтіндер: брошюра, нұсқаулық, бүктеме.

Сәулет-құрылыс саласындағы маркетинг дискурсының сөйлеу жанрына жататын мәтіндер жарнама дискурсының сөйлеу жанрына жататын мәтіндеріне негізделген: маркетингтік стратегиялар, стратегиялық жоспарлау, құрылыс компаниялардың ресми өкілдерінің жарнама мәтіндері, құрылысшылар мен сәулетшілермен сұхбат мәтіндері және т.б.

Жалпы айтқанда сәулет-құрылыс дискурсының негізгі функционалдық сипаттамалары ақпараттылық, бағалауыштық, легитимділік, персуазивтілік болып табылатынын атап өтеміз. Сәулет-құрылыс дискурсы сәулет және құрылыс әлемінің (үйлер, ескерткіштер, ғимараттар) сөздік бейнесі болып табылады. Сәулет және құрылыс саласындағы мәтіндердің жанрлық ауқымының кеңдігі құрылысшы немесе сәулетші қызметінің әртектілігі арқылы анықталады.

Сәулет-құрылысының жанрлық түрлері мазмұндық, құрылымдық, стильдік, метатілдік ерекшеліктерімен сипатталады. Оның жанрлық кеңістігі дискурсивтік белгілердің нақтылану дәрежесімен ерекшеленіп, жанрлық ерекшеліктері сөйлеу жанрларының белгілі бір жиынтығына негізделген. Тілдік көрініс, коммуникативтік құзыреттілік, қатысымдық мақсат, қатысымдық интенциясы, диктум және модус мазмұны, сөйлеу әрекетінің жиынтығы сөйлеу жанрының негізгі параметрлері болып табылады. Жанрлық кеңістіктің әртектілігін ескере отырып, біз сөйлеу жанрының келесі түрлерін ажыратамыз: ядролық сөйлеу жанры макрожанр, микрожанр, кешенді жанр. Сәулет-құрылыс дискурсының күрделі дискурсивтік сипаты жанрлық формалардың басқа да түрлерінің пайда болуына әсер етті.

**Қорытынды**

Сәулет-құрылыс саласы көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қоғам өмірінде алатын орны ерекше. Сәулет-құрылыс өнері өркениет дамуындағы халықтың мәдени символикасымен қатар, сәулетшінің рухани ниетін, қоғамның қаншалықты дамығандығын көрсетеді. Өнер туындысы ретінде сәулет жұмыстары өркениеттің негізгі жетістігі болып бағаланады. Сәулет-құрылыс саласы қоғамның әр кезеңінде түрлі көрініске ие болды. Тіл қоғаммен тығыз байланысты. Сондықтан да қоғамда болатын түрлі өзгерістер тілге әсер етпеуі мүмкін емес. Түрлі салалардың пайда болуы мен дамуы тілдегі жаңа ұғымдардың орнығуына алып келеді. Қазіргі уақытта өзектілігі артқан құрылыс саласы заң, экономика, бизнес, маркетинг, әлеуметтану, экология және лингвистикамен байланысты. Сондықтан да мақаламызға негіз болып отырған сәулет-құрылыс дискурсын әлеуметтік институттарда жүзеге асатын институционалды дискурстың түрі ретінде қарастырып отырмыз.

Жоғарыда сәулет-құрылыс дискурсы күрделі дискурсивтік құрылым екендігін атап өттік. Күнделікті өмірдегі құрылыс мазмұнына негізделген бейресми коммуникация немесе кәсіби коммуникацияға негізделген маркетинг дискурсының аясындағы сату-сатып алу дискурсының өзіндік құрылымдық ерекшеліктері бар. Соған байланысты оның жанрлық кеңістігі ғылыми, академиялық, жобалық, құқықтық, заң, маркетинг және жарнамалық дискурстарының аясында жүзеге асатындығын көрсеттік.

Мақала бойынша мынадай қорытынды жасауға болады: біріншіден, сәулет-құрылыс дискурсы институционалды дискурстың бір түрі ретінде анықталып, лингвистикалық термин ретінде анықтама ұсынылды; екіншіден, сәулет-құрылыс дискурсының жанрлық кеңістігі, құрылымдық ерекшеліктері талданды; үшіншіден, сәулет-құрылыс дискурсының сөйлеу жанрлары ажыратылды. Жоғарыда айтылған теориялық негіздемелер сәулет-құрылыс дискурсының онтологиясын, оның жанрлық ерекшеліктерін айқындауға септігін тигізіп отыр.

**Мүдделер қақтығысы мен авторлардың қосқан үлесі**

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ. Авторлардың қосқан үлесі: М.Ә. Төлегенова – тұжырымдаманы құру, мақала мәтінімен жұмыс, әдебиеттерді таңдау, нәтижелерді талдау. Ж.А. Акимешева – мақала құрылымын жүйелеу, зерттеу қорытындысын талдау.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. – 304 б.
2. Сулейменова Ә.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана, 2008. – 392 б.
3. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016. – 168 б.
4. Буркитбаева Г.Г. Текст и дискурс. Типы дискурса: учеб. пособие для магистрантов и аспирантов-филологов. – Алматы, 2006. – 384 с.
5. Shapran, N. V., Novoseletska, S. V., Koliada, E. K., Musiichuk, T. I., & Simak, K. V. Communicative-functional components of discourse// *Linguistics and Culture Review*. – 2021. – №5(S4). – Pp. 1325-1339. [Electronic resource]. – Available at: <https://lingcure.org/index.php/journal/article/view/1784> (accessed: 14.01.2024).
6. Ибраева Ж.К. Психоллингвистика негіздері: оқу құралы. – Алматы, 2010. – 122 б.
7. Alice F. Freed. Institutional discourse. In the *International Encyclopedia of Language & Social Interaction*. – Boston: John Wiley & Sons, 2015. – Pp. 809-826 DOI: <https://doi.org/10.1002/9781118611463.wbielsi151> (accessed: 14.01.2024).
8. Минакова Н.А. Особенности формирования и структура строительной терминологии русского языка: дис. ... канд. филол. наук. – Москва, 1985. – 203 с.
9. Черкасова Л.Н. Лексико-семантическая характеристика строительной терминологии: дис. ... канд. филол. наук. – Ростов-на-Дону, 1998. – 195 с.

10. Бекмуродов М.М. Лексико-семантический и структурный анализ строительной терминологии (на материале таджикского и английского языков): дис. ... канд. филол. наук: – Душанбе, 2002. – 166 с.
11. Гринев А.С. Сопоставительный анализ английской и русской архитектурной терминологии (на материале тематического поля «Теория и история архитектуры»): дис. ... канд. филол. наук. – Москва, 2004. – 213 с.
12. Адиева Э.В. Сопоставительный анализ архитектурных терминов // Материалы международной заочной научно-практической конференции. Филология, искусствоведение и культурология: тенденции развития. – Новосибирск, 2013. – С. 23-26.
13. Абдурахманова А.З. Лингвистическое моделирование строительной терминологии: дис. ... канд. филол. наук. – Москва, 2016. – 219 с.
14. Симоненко М.А. Архитектурная метафора в языке и речи: дис. ... канд. филол. наук. – Курск, 2009. – 196 с.
15. Гайнутдинова Д.З. Термин-метафора архитектурно-строительного подъязыка: дис. ... канд. филол. наук. – Белгород, 2012. – 191 с.
16. Косицкая Ф.Л., Зайцева И.Е. Архитектурный дискурс и его жанры в сфере профессиональной коммуникации (на материале французского языка)// Вестник ТГПУ. – 2015. – 4 (157). – С. 142-174. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/arhitekturnyy-diskurs-i-ego-zhanry-v-sfere-professionalnoy-kommunikatsii-na-materiale-frantsuzskogo-yazyka/viewer> (дата обращения: 22.01.2024).

**М.А. Төлегенова, Ж.А. Акимешева**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Алматы, Казахстан*

### **Архитектурно-строительный дискурс и его жанровые особенности**

**Аннотация.** В статье рассматривается формирование дискурса как одной из направлений антропоцентрической парадигмы в лингвистике, основанное на работе ученых, определивших дискурс точки зрения лингвистики. Нами предложено определение лингвистического термина «архитектурно-строительный дискурс», являющийся основным объектом исследования в данной статье, предметом исследования – его жанровая и структурная особенность. Архитектурно-строительный дискурс, представляющий собой сложную дискурсивную структуру, обозначает совокупность текстов, ориентированных на профессиональную коммуникацию, рассматриваемую в архитектурно-строительной сфере. Обозначено, что жанровое пространство дискурса реализуется в рамках научного, академического, проектного, правового, юридического, маркетингового и рекламного дискурсов. Нами уточнено, что архитектурно-строительный дискурс по мере передачи информации подразделяется на устный и письменный, и под речевым жанром понимается тематическое, содержательное и структурное единство. Определены виды речевого жанра архитектурно-строительной сферы: речевой жанр академического дискурса; речевой жанр научного дискурса; речевой жанр проектного дискурса; речевой жанр правового дискурса; речевой жанр законодательного дискурса; речевой жанр маркетингового дискурса; речевой жанр рекламного дискурса. Выделены следующие параметры речевого жанра: образ адресанта и адресата, языковое воплощение, коммуникативная компетентность, коммуникативная цель, коммуникативная интенция, диктумное и модусное содержание, совокупность речевых актов.

**Ключевые слова:** дискурс, институциональный дискурс, архитектурно-строительный дискурс, онтология, жанр.



**M.A. Tolegenova, Zh.A. Akimisheva**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **Architectural and construction discourse and genre features**

**Abstract.** The article examines the formation of discourse as one of the directions of the anthropocentric paradigm in linguistics, based on the work of scholars who have defined discourse in terms of linguistics. On our part proposed the definition of the linguistic term architectural and construction discourse, which is the main object of research in this article, the subject of the research – its genre and structural features. Architectural and construction discourse, which is a complex discursive structure, denotes a set of texts focused on professional communication, considered in the architectural and construction field. We have indicated that the genre space of discourse is implemented within the framework of academic, scientific, project, legal, juridical, marketing and advertising discourse. We clarified that the architectural and construction discourse as far as information is conveyed is divided into oral and written, and speech genre is understood as thematic, substantive and structural unity. Types of speech genre of the architectural and construction sphere were defined: speech genre of academic discourse; speech genre of scientific discourse; speech genre of project and construction discourse; speech genre of legal discourse; speech genre of legislative discourse; speech genre of marketing discourse; speech genre of advertising discourse. The following parameters of the speech genre were singled out: the image of addresser and addressee, linguistic embodiment, communicative competence, communicative goal, communicative intention, dictum and modus content, combination of speech acts.

**Keywords:** discourse, institutional discourse, architectural and construction discourse, ontology, genre.

### **References**

1. Salkynbai A., Abakan Ye. *Lingvistikalık tusındırme sozdik* [Linguistic Explanatory Dictionary] (Almaty, 1998, 304 p.) [in Kazakh]
2. Suleimenova E.D., Shaimerdenova N.Zh., Smagulova Zh.S., Akanova D.H. *Aleumettik lingvistika terminderinin sozdigi* [Dictionary of social linguistics terms]. (Astana, 2008, 392 p.) [in Kazakh]
3. Abasilov A. *Aleumettik lingvistika sozdigi* [Dictionary of sociolinguistics] (Almaty, 2016, 168 p.) [in Kazakh]
4. Burkitbaeva G.G. *Tekst i diskurs. Tipy diskursa* [Text and discourse. Types of discourse]: Textbook for postgraduates (Almaty, 2006, 384 p.) [in Russian]
5. Shapran, N. V., Novoseletska, S. V., Koliada, E. K., Musiichuk, T. I., & Simak, K. V. Communicative-functional components of discourse. *Linguistics and Culture Review*, 5(S4), 1325-1339 (2021). [Electronic resource]. – Available at: <https://lingcure.org/index.php/journal/article/view/1784> (accessed: 14.01.2024).
6. Ibraeva Zh.K. *Psiholingvistika negizderi* [Fundamentals of psycholinguistics]: Textbook (Almaty, 2010, 122 p.) [in Kazakh]
7. Freed, A.F. Institutional Discourse. *The International Encyclopedia of Language and Social Interaction* (John Wiley & Sons, Boston, 2015, p.809-826). DOI: <https://doi.org/10.1002/9781118611463.wbielsi151> (accessed: 14.01.2024).
8. Minakova N.A. *Osobennosti formirovaniya i struktura stroitel'noj terminologii russkogo jazyka* [Features of formation and structure of the construction terminology of the Russian language]: Thesis for Cand. of Philology (Moscow, 1985, 203 p.) [in Russian]
9. Cherkasova L.N. *Leksiko-semanticheskaja harakteristika stroitel'noj terminologii* [Lexical and semantic characteristics of construction terminology]: Thesis for Cand. of Philology (Rostov-na-Donu, 1998, 195 p.) [in Russian]
10. Bekmurodov M.M. *Leksiko-semanticheskij i strukturnyj analiz stroitel'noj terminologii (na materiale tadzhikskogo i anglijskogo jazykov)* [Lexico-semantic and structural analysis of construction

terminology (based on the material of Tajik and English languages): Thesis for Cand. of Philology (Dushanbe, 2002, 166 p.) [in Russian]

11. Grinev A.S. Sopostavitel'nyj analiz anglijskoj i russkoj arhitekturnoj terminologii (na materiale tematicheskogo polja «Teorija i istorija arhitektury») [Comparative analysis of English and Russian architectural terminology (based on the material of the thematic field "Theory and History of Architecture")]: Thesis for Cand. of Philology (Moscow, 2004, 213 p.) [in Russian]

12. Adieva E.V. Sopostavitelnyj analiz arhitekturnyh terminov [Comparative analysis of architectural terms] // Materialy mezhdunarodnoj zaochnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. Filologija, iskusstvovedenie i kul'torologija: tendencii razvitija (Novosibirsk, 2013, P.23-26) [in Russian]

13. Abdurahmanova A.Z. Lingvisticheskoe modelirovanie stroitel'noj terminologii [Linguistic modeling of construction terminology]: Thesis for Cand. of Philology (Moscow, 2016, 219 p.) [in Russian]

14. Simonenko M.A. Arhitekturnaja metafora v jazyke i rechi [Architectural metaphor in language and speech]: Thesis for Cand. of Philology (Kursk, 2009, 196 p.) [in Russian]

15. Gainutdinova D.Z. Termin-metafora arhitekturno-stroitel'nogo podjazyka [The term-metaphor of the architectural-constructional sublanguage]: Thesis for Cand. of Philology (Belgorod, 2012, 191 p.) [in Russian]

16. Kosickaya F.L., Zaitseva I.E. Arhitekturnyj diskurs i ego zhanry v sfere professional'noj kommunikacii (na materiale francuzskogo jazyka) [Architectural discourse and its genres in the field of professional communication (based on the material of the French language), Vestnik TGPU [TSPU Bulletin], 4 (157), 142-174 (2015). [Electronic resource]. – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/arhitekturnyy-diskurs-i-ego-zhanry-v-sfere-professionalnoy-kommunikatsii-na-materiale-frantsuzskogo-yazyka/viewer> [in Russian] (accessed: 22.01.2024).

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Төлегенова М.Ә.** – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0004-3620-5558.

**Акимишева Ж.А.** – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-3832-8218.

**Төлегенова М.А.** – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0004-3620-5558.

**Акимишева Ж.А.** – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-3832-8218.

**Tolegenova M.A.** – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0004-3620-5558.

**Akimisheva Zh.A.** – corresponding author, Candidate of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-3832-8218.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).